



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

жалғастырып келеді деген сөз. Қабірлер тоналып байлығының бір бөлігі ғана жетіп отыр. Соның өзінде оның қандай сән салтанатпен жерленгенін білуге болады. Оның асқан салтанатпен, алтынмен, асыл тастан жасалған әшекейлермен және қару-жарақпен жерленуі оның қоғамдағы дәрежесінің жоғары болғанын білдіреді.

Тарихи-мәдени ескерткіштердің Қазақстан тарихында алатын орны ерекше. Сол ескерткіштер арқылы өткенімізді зерттеп, тарихқа терең үңіле аламыз. Осы тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми негізде терең әрі дәйекті зерттеу, зерделеу сол арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу, үлгі - өнеге беру қазіргі қазақ мемлекетінің алдында тұрған бірден бір маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Осы құндылықтарымызды қорғау және оны қайта қалпына келтіріп, зерделеу кезек күттірмейтін мәселердің бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Назарбаев: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы 2017 ж. сәуір
2. М.С.Касенов: Атырау облысы, Индер ауданы жеріндегі «Жангелді II» обасында жүргізілген археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебінен. 2014 ж. тамыз
3. М.С.Касенов: Атырау облысы, Махамбет ауданы жеріндегі Райымтөбе обаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебінен. 2017 ж. наурыз
4. Р. Жұматаев: «Сақ» атауы қайдан шыққан? «Үш қиян» газеті (23 Ақпан 2012 ж.).
5. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 8-том
6. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010 ж.

ӘОЖ 930

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СӘЛЕМДЕСУ ӘДЕБИ

Балчих А.Ө.

aitolkyn.balchikh@gmail.com

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, I курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Сәрсембина Қ.Қ.

*Сөйлеу үшін жаратқан,
Сөз анасы - сәлемді айт!
Бұқар жырау*

Жаһандану заманында салт-дәстүрлі сақтап қана қоймай оны кейінгі ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу бабалардың аманаты. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің барлығы дерлік көшпелі өмір салтына сай қалыптасқан шаруашылық қалпына қарай орайласты. Қазіргі таңда көптеген әдет-ғұрып, салт – дәстүрлеріміз өзгеріске ұшырауда. Соның бірі – сәлемдесу әдебі. Сәлемдесу тәрбиенің көрінісі болғандықтан, осы бір мәселеге салмақпен қараған жөн. Сондықтан да, мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы сәлемдесу мен қазіргі кезеңдегі сәлемдесуді зерделеуді мақсат еттік.

Адамды тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке тұлғаның қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық жас күйінде иілуге қандай икемді болса, бала да бала күнінде тәрбиені қабылдауға сондай бейім болады. Ал, сол баланы тәрбиелеуші-отбасы. Сондай-ақ, адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым - қатынас жасау нәтижесінде ғана қалыптасады.

Кез келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажет етеді. Мәселен, нәрестенің анасымен тілдесе алмауы - оның біртіндеп қатаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне әкеліп соғуы әбден мүмкін. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты - өзара түсіністікке қол жеткізу екені белгілі. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік сынды түрлі құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Қарым - қатынастың бастауы - сәлемдесу. Сәлемдесудің күдіреті - адамдардың бір-біріне деген жылы мейірім мен кеңпейілділік көрсетуінде, достықты, жақындықты бейнелеуінде.

Сәлемдесу - инабаттылық пен әдепке қатысты қатынас нормасы. Дәстүрлі қазақ қоғамында амандасу адамның әлеуметтік деңгейін, тегінен, байлығынан және жалпы өмірдегі алатын орнынан хабар беретін. Ертеде хан немесе ірі сұлтандарға төменгі таптағы адам екі қолын кеудесіне қойып және төмен қарай иілдесе, оларға жақындай алмаған. Ал, егер ол қайырым ретінде оған қолын созса, онда ол бір тізерлеп жерге отырып, оның қолын екі қолымен қысады. Әлеуметтік дәрежесі орташа адам өзінің әміршісіне қолын кеудесіне қыспай, бірақ, басын иіп келген. Хан немесе лауазымы жоғары адам өзінің қарауындағылардың сәлеміне жауап ретінде оның иығына қолын қойып, сыйластығы болса қолын қысып амандасатын. Егер ханды жолай кезіктірсе, онда жолда тоқтап тұрып, оның өтіп кетуін күтуі керек, әрі басын иіп, қолын кеудесіне қойып дауыстап амандасуы міндет. Қарапайым халық сұлтандарға амандасқанда, тізесін бүгіп көбіне «Алдияр тақсыр!» деген. Дәрежесі тең, бірақ, жақын таныс емес адамдар бір-бірінің бір қолын алып қана амандасқан. Ал, ер адамдар бір-біріне екі қолдарын береді және сонан соң, екі жаққа алма кезек иық тірестіріп құшақтасқан немесе керісінше бір-бірін кеуделеріне қысып құшақтаған. Әйел адамдар да кездескенде жалпы қабылданған әдепті сақтаулары тиіс. Әлеуметтік жағдайлары тең әйелдер кезіккенде қол алыспаған, тек бірі екіншісіне жәй ғана иілген. Егер аға сұлтанның әйелдерімен қарапайым әйелдер кезігіп қалса, қарапайым әйелдер жанарларын төмен түсіріп, ізет көрсетіп иілген. Жас келіншек жасы үлкен туыстарының алдында бір тізесін бүгіп, иіліп сәлем салған. Сонымен қатар, қазақтар бір-бірімен жолыққанда бір-бірімен мал-жан аман ба? - деп сұрасқан. Мал аман ба? - деп сұрауы олардың тұрмыс-тіршілігі күнкөріс өзегі, шаруашылық қатынастарының негізгі құралы саналған төрт түлікпен тікелей қатысты болуына байланысты малды және отбасы туралы жөн сұрасу қалыптасқан нормаға айналған. Осылай сәлемдескенінен кейін ризашылықпен кішіден: «Мал-жаның аман ба?», - деп сәлем берген. Оған қалыптасқан дағдылы жауап: «Құдайға шүкір, өзіңіздің мал-жаныңыз аман ба?» — деп жауап берген. Қазақ «Жақсы сөз, жарым ырыс», деп ырымдап, әрқашанда «жақсы» деген. Ерлер арасында мұндай амандасу сөздер әйелдерге қатысты қолданылмайды, оларға тек «Сәлеметсіз бе?», - деп амандасқан [1, 124б.].

Далада бір топ қазақтар екіншісімен ат үстінде кездесіп қалса, «Ассалаумағалейкүм» деп, оң қолын созып амандасып, сол қолын амандасушының оң иығына қояды. «Уағалейкүмсалам» деп аманын қабыл алып, қол алысқан. Қазақтар қонаққа барғанда, киіз үйдің жанына жақындағанда аттан түскен. Келген мейманның өзі киіз үйге енгенде «Ассалаумағалейкүм» деп жалпыға сәлем беріп кірген. Тіпті, баспанада адамдар жоқ болса да, тіпті әйел адамдар отырған жағдайда да «Ассалаумағалейкүм» деп шаңыраққа сәлем беру әдеті қалыптасқан. Қазақ даласына Ислам дінінің келуімен, қазақ халқына амандасуында өзіндік ерекшеліктер болды. «Ассалаумағалейкүм» арабша «Ассаламу алейкум» – «сізге Құдайдың тыныштығы болсын» деген мағынаны білдіреді. Демек, мұсылманшылықта сәлем берудің негізі – тілек, екі мүмін кездескен жерден бір-біріне Тәңірінің тыныштығын тілеп, дұға етеді. Мұсылмандардың сәлемдесу формуласы Құран аяттарымен, Пайғамбар (с.а.у.) хадистерімен бекітілген. Сәлемдесу жайлы хадистерде: «Сәлем алланың жердегі есімдерінің бірі», «бір біріңмен сәлемдесіп жүріңдер, сонда сендерге сауап жазылады», «сәлем берген адам аллаһқа құлшылық етіп, Пайғамбарымыздың сүннетін орындағанының белгісі», «адамдардың сараңы сәлем беруде

сараңдық таңытқаны», «кім бірінші сәлем берсе, тәңірінің нұры жауады» делінген. Сондай ақ, аттылы адам жаяуға, жүріп келе жатқан отырғанға, азшылық көпішілікке, жасы кішісі, жасы үлкенге, ер адам әйел адамға бірінші болып сәлем беруі керек [2].

Қазақ халқы «сәлеміне қарап салауатын байқа» деп адамдардың аман-сәлеміне қарап, оның қандай адам екендігін, қандай тәрбие алғандығын бағамдаған. Адамға сәлем бермеген немесе басқалар берген сәлемді сызданып зорға алған адамдарды тәрбиесіз, көргенсіз деп қатты жек көрген. Қыздар тіке қарамай, сәл ғана бұрылып, ұяң дауыспен жанарын төмен түсіріп амандасқан. Батыс Қазақстан, Сырдарияның төменгі бойы қазақтарында амандасудың да өзіндік дәстүрге бағынған рәсімі бар. Ер бала, қыз бала да өзінен үлкендерге дауыстап «сәлем бердік» дейді. Ал, қазақ қызы «келін» атанып, беті ашылғанда алғашқы сәлемін салады. Бұл жанұядағы қызметі мен әдептілігінің белгісі, ата-енесіне, қайын жұртына деген құрметі. Сәлем салу дәстүрінің екі түрі қалыптасқан, біріншісі – келіндердің өз күйеуінің үлкен ағайындарына, екіншісі – қазақтардың үлкен асын (етті) жеп болған соң табаққа сәлем салуы. Табаққа сәлем салу дегеніміз - ет жеп болған соң дастарқан басында отырған үлкен адам табақты келінге ұсынған кезде келін иіліп сәлем салып барып табақты алуы. Табақты берген кісі «Ұл тап қарағым!» деп алғысын білдіреді. Босаға аттаған күннен бастап, келін күйеуінің ағайындарына көрген кезде екі қолын алдына бір-біріне айқастырып қойып, «сәлем бердік», - деп дауыстап, өзі иілген. Күйеуінің ағайындары жол-жөнекей кездескенде де осылай сәлем салған. Үлкендер келіннің сәлеміне «Көп жаса! Бақытты бол!» - деп ықыласын жатады. Қарт аталар мен аналар жас келіннің маңдайынан иіскеп, бақыт пен берекет тілейді.

Келіннің сәлем салуы Қазақстанның әр аймағында әртүрлі орындалады. Мысалы, батыс Қазақстан келіндері ешқашан үлкендер көзіне тіке қарамай, оң қолын тізесінің үстіне қойып, сәл тізесін бүгіп сәлем салса, оңтүстік келіндері екі қолын айқастыра алдына қойып иіліп сәлем салады, сондай-ақ, қазіргі кезде солтүстік және шығыс өңірлерде сәлем салу әдебі сақталмаған. Ата-бабаларымыз аяғы ауыр келінді сәлем салудан уақытша босатқан. Көп жағдайда қайынағалары аяғы ауыр келіндерінің алдынан өтпеуге тырысқан. Себебі келінді ыңғайсыз жағдайға қалдырып, ұялпауды ойлап, енді бір жағынан оларға болашақ ана деп қараған. Келіннің аяғы ауыр екендігін «пәленшенің келіні ақ алғысты болыпты» деп жеткізген. Күйеуі қайтыс болған жағдайда, сәлем салудан келінді біржолата босатқан. Бұндағы мақсат ендігі жерде басы иілмесін, жүзі төмен түспесін, қызымыздай болсын деген ниет. Келіннің иіліп сәлем салғаны сияқты күйеу жігіт те қолын жүрек тұсына қойып, тәжім жасаған. Күйеубала қайын атасының үйіне алғаш барғанда тәжім жасап кіреді, «Пайғамбар да күйеуін сыйлаған» деп жатамыз, шаңырақ салар кезде де алыстан кәрі күйеуді шақыртқан. Күйеужігіт қызды алып кетер кезде, арнайы мал сойылып, отқа май құяды. Сол кезде күйеужігіт тәжім жасайды, қолын жүрегінің тұсына қойып басын иеді. Мұны «тәжім жасау» дейді. Ол қызды алып кетер кезде үлкен аталарға жасалатын бұрыннан келе жатқан салт [3].

Осы тұрғыда, жастар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізген едік. Респонденттердің жас шамасы 20-30 жас аралығында болды. Нәтижесінде, жастардың басым бөлігі ата салтын жасау керектігін білдірсе, енді бір бөлігі келіндердің сәлем салуы ескінің қалдығы, қазіргі кезде керек еместігін айтты. Ал, үлкендермен амандасқанда, басым бөлігі «сәлеметсіз бе» деп амандасады. Сәлем салу исламда да харам яки Алла Тағалаға серік қосуға жатпайды. Бұл - діни міндет емес, қазақтың әдет-ғұрпы. Қалай десек те, келіннің ата-енесі мен сол әулеттің үлкендеріне құрмет көрсетіп, ізет білдіруі - тек қана сәлем салумен өлшенбейді. Оның жеке басының имандылығы мен бойындағы басқа да адамгершілік қасиеттерін басты назарда ұстаған жөн.

Ұзақ уақыт көріспеген жандар немесе ұзақ сапардан келген адамның амандығымен қоса, сол жердің жаңалығын да егжей-тегжейлі сұраған. Қазақта алыстан келген адамға «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария барып сәлем береді» деген ереже бар. Дегенмен, жасы мен жолы үлкен адамдарға сапардан келген адам өзі әдейілеп барып, сәлем беруі тиіс. Мұндай

ізеттіліктің бірі сол әулеттің ертеден келе жатқан қара шаңырағына соғу міндет болып табылады. Дастархан үстінен қол ұсынбайды. Қол алысу үшін ұсынылған қолды алмау - қорлағандық. Егер қандай да бір себептермен амандасушы адамға қолын бере алмайтын болса, мұны айтып, сыпайылықпен кешірім сұраған. Бас киімді, биялайды шешіп қол ұсыну - адамды құрметтегендіктің белгісі [4, 476].

Қазақ халқы қашанда сөз қадірін биік қойып, «сәлем - сөздің анасы» деп баға берген. Бұқар жырау бір өлеңінде:

Әй, айташы, айтсаң айт!

...Құдіретімен жаратқан,

Он сегіз мың ғаламды айт.

Ақтан сия танытқан,

Дәуіт пенен қаламды айт.

Сөйлеу үшін жаратқан,

Сөз анасы - сәлемді айт!- деп сәлемнің орнын көрсеткендей.

Сәлемдесудің әдеп ретіндегі ең басты шарты - жылы шырай. Сәлемдескенде, қас-қабак, бет-жүз құбылысы, даусы маңызды қызмет атқарады. Сәлем алушы үшін мұның бәрі маңызды. Тек жылы жүз, әсем күлкі мен әуезді үн айналадағы адамдардың еншісі. Және бұлар басқалардың сенімен жайдары, жақсы қатынаста болуы тілектестік, ниеттілік үшін, жанды жараламау үшін қажет. Сол себепті де әркім сәлемдесуді емес, қалай сәлемдесуді білу, өзінің қас-қабак, бет-жүз, дауыс құбылысын қадағалап, алдындағы адамға жақсы әсер қалдыратындай болуына талпынуы, машықтанып, үйренуі керек.

Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» кітабында Бауыржан Момышұлының баласы Бақытжанға бірге оқыған досы келгенде екеуі сүйісіп амандасқан екен. Оны көрген Баукең: «Батпандай ер-азаматтардың кездескен жерде сүйісіп, амандасуы деген қазақ қауымында бұрын атымен жоқ еді. Осы сүйісу Хрущевтің билік құрған кезінен кең етек алып, жайылып кетті. Жақсыны да, жаманды да алаламай тез қабылдай қоятын «талантымыз» бар. Бастықтың әр қимылын қалт жібермей, қайталап кәукелектейтін жағымпаз жампандығымыз тағы бар. Сөйтіп жалпаңдап жүріп жапалақ болып кетер ме екенбіз, құдай білсін...» – депті [3].

Қазіргі таңда, сәлемдесуде көптеген өзгерістер орын алды. Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде еш уақытта басынан сипамаған. Тек қана арқасынан таққан. Ал, басынан сипауды ұл баланы аяп, мүсіркеу, оның ынжық, жасық болып өсуіне әсер етеді деп білген. Ер баласының елге қорған, шаңырақтың иесі болып өсуі үшін, арқасынан қағу - оның батыл, жігерлі, еңсесін тік ұстап, тура қарауға тәрбиелейді деп түсінген. Ал, қыз баланың басынан сипап, қыз бала жатжұрттық, өзге босағаны аттап, өзге үйдің түтінін түтіп, ұрпақ өрбіді деп қараған. Алдағы тағдыры не болар екен, қандай өмір күтіп тұр екен деген алаңдаушылықпен қараған. Қыз баланың басынан сипағанда, ол еріксіз басын төмендетіп, жанарын төмен түсіріп, өз орнын түсінген. Бұл оның өзгелерге бажырайып қарамауға, сыпайы мінезге баулыған. Қазақтың арқадан қағу мен бастан сипаудың өзіндік тылсым астары мен үлкен тәрбиелік мән жатыр [5].

Қорыта келгенде, «сәлем - сөзді анасы» деген қазақ халқы қашанда амандыққа, тыныштыққа құмар ел. Әркім кіммен, қай жерде, қандай жағдайда жолығып тұрғанынан қарамай, салт-дәстүрімізден айнымай, барынша сыпайы, әдепті сәлемдесіп үйренгені абзал. Сәлем беру - өткінші міндет емес, өмірлік міндет. Әркімнің сәлемі оның өзінің рухани болмысынан хабар береді. Әдебі дұрыстың – сәлемі дұрыс екендігін жадымызда сақтағанымыз жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы (Казахская семья). - Алматы, Қайнар, 1996. – 288.
2. «Асыл арна» рухани-ағартушылық телеарнасы.
3. Ахметова З. Бабалар аманат. – Алматы, 2014.

4. Нүсіпоқасұлы А. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. – Үрімжі, 2002, 147.
5. Кенжеахметұлы С. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» / «Традиции и обряды казахского народа», Алматыкітап - 2007.

ӘОЖ 37 035.6

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бекмурзина А.Н.

assel-2009@list.ru

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ магистранты.

Петропавл қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Бимаканова З. Ш.

Рухани жаңғыру тек бүгінгі басталатын жұмыс емес. Бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқарылғанын Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында атап өтті. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғыртылғаны, 2013 жылғы «Халық тарих толқынында» бағдарламалары арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттелгенін атады. Енді іргелі жұмыстарды басталғалы отырғанын еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымызды ортаға салдық деп көрсетті. Күллі дүние жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде «Сана сезімімізбен дүниетанымымызға сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдер мен тереземізді теңеп, иық түйістіруіміз мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын ойға сіңіруіміз керек. Жаңғырудың ең басты шарты сол ұлттың кодын сақтай білу.

Замана сыңынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алмаса ол адасуға бастайды. Сонымен бірге рухани жаңғыру ұлттың ұлттық сананы түрлі полюстерін қиыннан-қиыстып жарастыра алатын құдіреттілігімен маңызды. Осыны негізге ала отырып Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсіну керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен де биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» - деген. Рухани жаңғыру бүгінде туған жер бағдарламалары аясында жүзеге асырылып жатқан игі істер баршылық. Бұл ретте жаңғыру Президент тұжырымдары туған жерін қастерлей білетін Қызылжарлықтарға жаңа серпін береді. Бұдан олар ойына ой, жігеріне жігер қосып, «Туған жер» бағдарламасында қойылған міндеттер бойынша жаңа ізденістер мен талпыныстарға жол ашылады.

Бұл тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күнмен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Тағылымы мол тарихи үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлі алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын көрсетеді. Әрбір қазақстандықтардың саяси санасының жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті. Біріншіден бәскеге қабілеттілігі – өзі бәсекелі қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіншілік туады. Бәскеге қабілет дегеніміз – ұлттық аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы немесе сапасы жөнінде өзгелерден ұтымды дүние ұсынады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға